

Конституция Республики Казахстан, установившая правовые условия формирования гражданства и политической государственности в 1995 году, провозгласила высказанные в преамбуле идеи принципами государственной политики: «Мы — народ Казахстана, объединенный общей исторической судьба...» [3].

Первый президент страны Н.А. Назарбаев представил задачу создания гражданского общества в республике на третьей сессии Ассамблеи народа Казахстана в апреле 1996 года как основы «новой идентичности, нового самоопределения народа нашей страны». Казахстана» [4], а на четвертом заседании организации в июне 1997 г. формирование нового казахстанского гражданства было определено как один из важнейших вопросов, «затрагивающий основы нашей государственности»[5], и важный для его сохранения и развитие. Следует заметить, что в данном случае речь шла о том, что результатом гражданского единства народ Казахстана должен стать не какой-то новой этнической суперобщностью, а общностью политической.

Необходимость формирования гражданской идентичности получила дальнейшее развитие в книге Н.А. Назарбаева «В потоке истории». В ней, анализируя условия укрепления государственности и внутривнутриполитической стабильности, он делает акцент не на формирование этнической общности, а на формирование гражданственности: «Многоязычный состав, полиэтничность страны ... - все это диктует необходимость двухуровневого подхода к решению вопроса об идентичности», а именно, во-первых, в отношении «народа Казахстана как единой гражданской и политической общности», а во-вторых, в отношении «национально-государственной идеи, которая формируется вокруг главной политической

Конституция Республики Казахстан создала объединяющую силу, способствующую согласию и мирному сосуществованию всех граждан, независимо от их национальности. Она также установила ценности единого, неделимого и независимого Казахстана, как Родины для всего его народа.

Правовая система, в которой мы живем, основана на единстве и общности, предоставляя каждому юридические и социальные права. Равенство прав и свобод гарантируется для всех граждан без различия по религиозному или национальному признаку.

Благодаря последовательной государственной политике, имеющей одинаковое значение для всех казахстанцев, независимо от их национальности, в обществе прочно утвердилось межнациональное согласие. Это отражает стремление Казахстана к самоопределению и взаимопониманию. Формирование национального самосознания в Казахстане позволило стране политически объединиться. У казахстанцев появилось чувство принадлежности и общего дома, что отмечается общим использованием известных понятий. Этот процесс считается успешным, поскольку он получил широкое признание и стал частью повседневной жизни. В нашем обществе, когда речь идет о власти и повседневном общении, привычными являются такие термины, как «национальная безопасность», «национальные интересы» и «будущее нации». Совершенно очевидно, что эти фразы относятся не только к одной этнической группе, но и ко всем людям в Казахстане.

1. Гаджиев К.С. Национальная идентичность: концептуальный аспект. //Вопросы философии, 2011, ноябрь; <https://ru.wikipedia.org/wiki/>.
2. Политология. Энциклопедический словарь. М., 2020.
3. Конституция Республики Казахстан. Алматы. 2022.

**Балтабаева А.К.,** Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, филология факультеті, гр. КО-41-20, студент  
(*Ғылыми жетекшісі – PhD, профессор ассистенті Хасенов Б.Р.*)

### **ҚОҢЫР СӨЗІНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (КОЦЕПТУАЛДЫ ТАЛДАУ)**

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы құрылғаннан кейін большевиктер әлемге биліктің жаңа жүйесін қалыптастыру үшін барлық саланы пайдаланып, жиырма жыл ішінде әлемдік жаңа картинаны ұсынуды жоспарлады. Сұм саясаттың негізгі құралдары: пропаганда – жағымсыз, оқыс оқиғаларды жасырып қалып жатса, цензура – олар туралы мүлде айтуға тыйым салды.

Биліктің озбырлығына көрсетілген наразылықтар әр түрлі көрініс тапты: бірі – «айқасқа» ашық түрде түсіп жатса, бірі – наразылықтарын жасырып, цензураны айналып өту арқылы білдірді. Цензураны айналып өту тәсілдеріне *эзоптілін* (аллегория, ирония, перифраз, аллюзия), самиздат, контрбанда, шетелдегі басылымды (тамиздат), әдеби мистификацияны, мысалдарды, астарлап әзіл арқылы ойды жеткізуді жатқызамыз. Біздің ойымызша, Кеңестік идеологияға карама-қарсылық сөз-символдармен де астарланған, кодталған секілді. Осы ойымызды негізге ала отырып, біз «қоңыр» сөзі – қызыл саясатқа қарсылықтың белгісі» ретінде Ж. Нәжімеденов, О. Бөкей шығармаларында көрініс тапқан деген пікірді ұсынамыз.

Біздің зерттеудің басты мақсаты – көркем шығармалардағы «қоңыр» сөзінің астарлы мағынасын ашу, яғни Кеңес үкіметіндегі кейбір идеологиялық принциптерге **қоңыр** сөзінің мағыналық тармақтарында көрініс тапқан астарлы ойды анықтау, қоңырды қызыл саясатқа қарсылықтың, *деколонизацияның* астарлы белгісі ретінде көрсету. Сол себепті де осы мақалада қоңыр сөзінің **когнитивті-символдық** сипатын ашуға тырысамыз. Яғни, қазақ ақын-жазушылар туындыларындағы қоңыр сөзінің астарлы мағынасын, цензура

мен пропагандаға қарсы көрінісін, нақтылап айтқанда, «қоңыр» концептісін жаңа қырынан қарастыратын боламыз.

#### *Кіріспеге қосымша*

Түр-түс символикасын, мән-мағынасын, оның ішінде қоңыр сөзінің семантикасын, танымдық табиғатын кейбір ғалымдар мен зерттеушілер қарастырған болатын. Ә.Қайдарбектерінде қоңыр сөзінің тура және ауыс мағыналары туралы сипаттамалар бар[1]. Ә.Ахметовтің табу мен эвфемизмдерге қатысты зерттеуінде қоңыр түсін киімен байланыстырылған. Мысалы, моңғол қазақтарының арқар, құлжа, тау ешкі, тау теке тектес аңдарды «киелі аң» немесе «қоңыр аң» деп атаған[2]. Ж.Нәжімеденов қоңырды табиғи үн ретінде көрсетеді. Бұл үнді тек қана қойдың тоқ шегінен, жылқының қылынан ғана жасалған шек береді деп айтады[3]. Н.Аитова қоңыр сөзінің когнитивті сипатына, ассоциативті өрісіне ерекше мән береді [4]. С.Қондыбай қоңырды мифтік кеңістікпен байланыстырады [5]. Б.Хасенов С.Қондыбайдың абақ таңбаның оқу үлгісіне[6] сүйене отыра, қоңырды «орта», «кіндік» ұғымдары тұрғысынан сипаттаған [7]. Ал біздің зерттеудің бұл зерттеулерден ерекшелігі – біздің «қоңыр» сөзін Кеңестік идеологияға қарсылықтың белгісі ретінде көрсетуіміз.

#### *Әдіс*

Философия, психология және тіл білімінің түйісуінен ХХ ғасырда пайда болған когнитивтік тіл білімінде тілдік қабілет адам ақыл-ойының қабылдау, ойлау, ес аспектілеріне тәуелді.

Когнитивті лингвистиканың негізгі категорияларының бірі – концепт. С.А.Аскольдов-Алексеевтің айтуынша, концепт – сөз бен оның мәні (ұғымы) арасындағы байланыстырушы [8].

Осы зерттеудің мақсатына байланысты біз «**концептуалды анализ**» әдісін пайдаланатын боламыз. Е.С.Кубрякованың (1991) айтуы бойынша «Концептуалды анализ – бір таңба бойына жиналған және белгілі когнитивті құрылым ретінде таңбаның өмір сүруін анықтайтын ортақ концептілерді іздестіру» [9]. Оның басты тәсілдерінің бірі – белгілі бір концептінің концептуалды белгілерін анықтай отыра оны сипаттау. Сипаттау әдістемесі арқылы қандай да бір ұлттың мәдениетіндегі тіл иелерінің білімі мен тәжірибесінің бейнеленуінің этноспецификасы жайлы ақпарат аламыз. Біз талқылайтын қоңыр сөзінің негізгі, туынды мағыналарынан ассоциацияға байланысты пайда болған қосымша мәндерін осы концептуалды анализ арқылы анықтап талдаймыз.

#### *Зерттеудің материалы*

Жүмекен Нәжімеденовтің ең алғаш рет «Жалын» журналының бетіне 1984 жылы жарыққа шыққан «Қыран-қия» поэмасы және Оралхан Бөкейдің 1973 жылы Алматы қаласында «Жазушы» баспасынан шыққан «Қайдасың, қасқа құлыным» повесі.

#### *Нәтиже және оның талқылануы*

##### **Қоңыр топырақ – тектілік**

Жүмекен Нәжімеденов «Қыран-қия» туындысында қазақ танымындағы тектілік ұғымын түсіндіреді. «*Мен өсейін, деу үшін де сен есте*», – *топырағың болу керек емес пе?! –* дей келе, автор топырақты тектілікпен байланыстырады.

Қазақ халқында «*топырағына тартқан*» деген аталы сөз бар. Бұл тіркестің мағынасын екі түрлі қарастыруға болатын секілді. Біріншіден, діни тұрғыдан пенденің топырақтан жаратылғаны туралы түсінігі. Екіншіден, туған топырақтың адам баласының мінезі мен болмысына деген әсері. Демек, топыраққа тарту – табиғатына тарту деген сөз. Қазақтың «топырағына тартқан» дегені «қазақтықтан алыстамаған нағыз қазақ, текті қазақ» деген мағынада жұмсалады. Осы секілді топырақтың қасиетін Жүмекеннің ескергені сөзсіз.

Енді поэмадағы «шала туған» деген тіркеске назар аударайық. Көпұлтты КСРО заманында қарқынды орын алған орыстандыру саясаты ұлттық бірегейлікті жоюды көздеді. Кеңес идеологиясы коммунизмге орыстың тілі, мәдениеті арқылы жетуге тырысты. Аз ұлттардың көбін ассимиляциялап, ұлт деген түсінікті жоққа шығарды. Жасанды совет адамдарын құрды:

*Үн қатпайды қыран татқан топырақ,*

*ал көршінің қыт-қыттайды тауығы.*

*Содан бізде құстар өсті жетім кіл –*

*бәрін туған инкубатор секілді,*

*мінезі жоқ, құс ісі жоқ, жоқ тегі.*

Инкубатор – жасанды ұлт! Ақын астарлап жеткізу арқылы «жасанды адамда» тектің болмайтынын, шалалықтың болатынын айтады. Сонда қаламгер «қоңыр топырақты» тектілік мағынасында қолданып, өз мәтіні арқылы кеңестік «советтік жасанды, шала, тексіз адам» идеясына қарсы болғанын байқауға болады.

Большевиктердің ең бастапқы мақсаты – буржуазиялық санадан бас тартқан социалистік типтегі жаңа адам, яки қоғамды құру еді. Мұндай мақсатты көздегендіктен, олар Кеңес Одағының құрамындағы барша ұлттың мәдениеті мен дәстүрін ликвидациялауға көшті. Дінді жоққа шығарып, мындаған адамды атеизм бағытына бұрды. Осымен байланысты Жүмекеннің топырақ идеясымен астарлаған тағы бір ойы туралы айтатын болсақ, ол – исламдағы адамзаттың топырақтан жаралу мотиві. *Яғни, автор тектілік идеясы*

арқылы атеистік қоғамдағы құдай жоқ, «маймылдан жаралған» дегенмен келіспеген деп болжаймыз. Сол себепті де «топырақтан жаралған (туған)» деген діни мотив те астарланып тұрғандай.

### **Қоңыр үн – қайғының белгісі**

Қазақтың киелі өрісі саналатын «қоңыр» сөзінің философиялық мәнін, рухани қырын ашып көрсететін «қоңыр үн» ұғымы. Қоңыр үн – қашанда құлаққа жағымды, көңілге қонымды, табиғатқа жақын дыбыс. Ол қазақтың барлық саз аспаптарының дыбыс ерекшелігі.

XX ғасырда қазақ халқы үшін тіл және қоңыр үн сынды екі ұлттық фактордан айырылу қаупі орын алды. Кеңестік заманда маркстік-лениндік идеология тұрғысынан қарағандар үшін әдебиетпен бірге музыка саласында да кемшіліктер аз болмай шықты. Сол кезеңдерде халқымыздың әсем әндері мен әуендері «қара тізімге» ілінді.

Ұлттық өнеріміздің аянышты көрінісін баяндаған Оралхан Бөкей «Қайдасың, қасқа құлыным» шығармасында КСРО заманында айтуға болмайтын мәселелерді оқырмандарына Саркынды шалдың сыбызғысынан шыққан «қоңыр үнмен» жеткізді. Қазақ өнерінің қасіретін жағымсыз образ Саркынды шал арқылы кеңестік цензураны айналып өтті. Саркынды шал – қара қобыздың атасы Қорқыт, күй иесі Кетбұға, күй атасы Құрманғазылардың өнерінің жалғасы; ата-бабадан жетіп, XX ғасырда құлдырауға ұшыраған ұлттық ән-күйіміздің кеңес заманындағы саркыты, соңғы өкілі.

Мұндағы «қоңыр үн» – қайғының белгісі, қазақтың қоңыр үнді өнерінің соңына жету трагедиясы. Шал домбырасы мен сыбызғысын бірге алып көмілуі де сан ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ күй өнерінің Кеңес саясатының құрбаны болғандығын білдіреді.

### **Қоңыр – сағыныш**

«Қоңыр» концептісінің ассоциативтік мағынасына «сағыныш» сезімін де жатқыза аламыз. Оған дәлел Оралхан Бөкейдің «Қайдасың, қасқа құлыным» повесіндегі Аналықтың қоңыр үні.

Аналықтың қоңыр үні Оралханның бейсанасындағы «көнерген, заңсыз, күйсіз» жайтты санасында қайта жаңғыртады. Бұл жердегі қоңыр үн қайғыны емес, сағыныштың сазын білдіреді. Заман ағымының өзгеруімен байланысты, Кеңес саясатының әйел адамзаты табиғатының өзгеруіне де алып келді. Кеңестегі кейбір қазақ әйелдерінің бейнесі, әдеби жазушыға жақпаған да болуы мүмкін. Сол себепті Аналық арқылы жазушы қазақ батырларының анасына, қаймағы бұзылмаған қазақтың әйеліне деген сағынышын көрсеткен. Осындай сағынышын Аналықтың қоңыр үні арқылы жеткізген деп ойлаймыз.

### **Қорытынды**

Кез келген ұғым концепт бола алмайды, себебі концепт – адамдарды ұлт ретінде біріктіруші. Қазақ халқы үшін аса бір ерекше ұғым (концепт) – «қоңыр». Ол тек бояу түсі ғана емес, үндік ерекшелік, ой өрімі, көрініс. Біз «қоңыр» сөзінің астарлы мағынасын Ж.Нәжімеденовтің «Қыран-қия» поэмасы мен О.Бөкейдің «Қайдасың, қасқа құлыным» шығармасы арқылы талдадық. Кеңес үкіметінің идеологиялық принциптеріне, қызыл саясатқа ақын-жазушыларымыздың туындыларында көрініс тапқан қоңырдың мағыналық тармақтарындағы астарлы оймен қарсылық танытқанын көрсетуге тырыстық.

«Топырағына тартқан» тіркесімен де, діни мотивпен де байланыстыра отырып, «қоңырды» – тек символы деп көрсеттік. Яғни, «Қыран-қияда» топырақ түсінің қоңыр болуы оған жаңа сема беріп, қоңыр – тектіліктің, тектің белгісі деген болжамымызға дәлелдер келтірдік. Екіншіден, поэмадағы «*бәрін туған инкубатор секілді, мінезі жоқ, құс иісі жоқ, жоқ тегі*» деген жолдарымен ақын сол кездегі «советтік адам – жасанды адам» сынды идеологияға қарсылық танытқан деп қорытындыладық.

Оралхандағы «қоңыр үн» екі түрлі көрініс тауып, екі түрлі кейіпкер арқылы беріледі. Аналықтың үні арқылы қазақ аналарымызға деген сағыныш, Саркынды шалдың сыбызғысынан шыққан қоңыр үн арқылы ұлттық өнер трагедиясы астарланады деген ойды алға тарттық.

Қорыта айтқанда, «қоңыр» сөзі Кеңес заманында жаңаша мәнге ие болып, **тектіліктің, сағыныш сезімінің, қайғының белгісіне** айналды.

1. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
2. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 175 б.
3. Нәжімеденов Ж. Қоңыр үнді домбыра. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 440 б.
4. Аитова Н. Түр-түс атауларының когнитивті сипаты. – Алматы, 2007.
5. Қондыбай С. Гиперборей: түс көрген заман шежіресі. – Алматы, 2003.
6. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы (1 кітап). – Алматы, 2004.
7. Хасенов Б. Қазақ тілі дыбыстарының архетиптік сипаты. – Қарағанды.
8. Аскольдов-Алексеев С. А. Концепт и слово. – Москва: Наука, 1986.
9. Кубрякова Е. С. Об одном фрагменте концептуального анализа слова ПАМЯТЬ. – Москва, 1991.